

БЕКІТЕМІН

Қостанай облысы әкімдігі

білім басқармасының

«Қостанай қаласы білім бөлімінің

№8 бөбекжайы» КМҚК

менің ершім

К. Берсугурова

2022 жылғы 31 тамызда

№1 педагогикалық кеңесінде



**«№8 БӨБЕКЖАЙЫ» КМҚК
АТА – АНАЛАРҒА (заңды өкілдіріне) АРНАЛҒАН
КЕҢЕСТІК ПУНКТ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №8 бөбекжайы» КМҚК білім беруді мектепке дейінгі ұйымдарды қызметтейтін, отбасы жағдайында тәрбиеленетін балалардың және (заңды өкілдірдің)

I. Жалпы ереже.

1.1. Кеңестік бөлім өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқығы туралы» Заңымен сонымен қатар осы ережемен басшылық етеді.

1.2. Кеңестік бөлім мектепке дейінгі жастағы балалардың ата-анасы үшін білім беру ұйымының бөлімшесі ретінде құрылады, қызметі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының мектепке дейін тәрбиелеу және оқыту Мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

1.3. Кеңестік бөлім білім берудің мектепке дейінгі ұйымдарына бармайтын, 1 жастан 7 жасқа дейін жастағы отбасы жағдайында тәрбиеленетін балаларға және ата-аналарға (заңды уәкілдерге) арналып құрылады.

1.4. Кеңестік бөлім мектепке дейінгі білімнің жалпы білім беру және арнайы бағдарламасын іске асыратын білім берудің мектепке дейінгі ұйымдарында ұйымдастырылады.

1.5. Кеңестік бөлім мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу және оқытуда отбасыға көмек көрсетудің бір түрі болып табылады.

II. Кеңестік бөлім қызметінің мақсаты және мәселелері.

2.1. Кеңестік бөлім отбасы және қоғамдық тәрбиелеудің орнын басушылық және бірлігін қамтамасыз ету, ата – аналарға (заңды уәкілдерге) психологиялық – педагогикалық көмек, білім беру мекемесіне бармайтын бала жекелігінің жан – жақты дамуына қолдау көрсету мақсатында құрылады.

2.2. Кеңестік бөлімнің негізгі мәселелері болып табылады:

- Мектепке келгенде тең мәрелік мүмкіндіктерін қамтамасыз етуде, мектепке дейінгі жастағы баланы дамыту және сауықтыру, оқыту және тәрбиелеудің түрлі сұрақтары бойынша мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың ата – анасына психологиялық – педагогикалық кеңестік көмек көрсету.
- МДБ бармайтын мектепке дейінгі жастағы әлеуметтенуіне ықпал ету, МДБ бармайтын мектепке дейінгі жастағы балалардың жеке, психикалық, әлеуметтік дамуындағы түрлі кешігулердің кешенді алдын алуларын жүргізу.
- МДБ және басқа да ата – ана (заңды уәкіл) және баланы әлеуметтік және медициналық қолдау ұйымдары арасындағы өзара қарым – қатынасты жүзеге асыру.
- Отбасы тәрбиесінің үздік тәжірибесін насихаттау мақсатында жалпы бұқаралық ақпарат құралымен өзара қарым – қатынас.

III. Кеңестік бөлімнің қызметін ұйымдастыру.

3.1. Кеңестік бөлім қызметінің негізгі түрі болып табылады:

- Ата – аналарға (заңды уәкілдерге) арналған теориялық және практикалық семинарлар, лекторияларды ұйымдастыру.
- Ата – аналар (заңды уәкілдер) өтінімі бойынша жеке және топтық кеңестер.
- Білім беру мекемесінің сайт жұмысын ұйымдастыру арқылы, телефон шалу, жазбаша өтініш жазу арқылы сырттай кеңес беруді ұйымдастыру.

3.2. Кеңестік бөлім ата-аналарға (заңды уәкілдерге) кеңестік көмекті келесі сұрақтар арқылы жүзеге асыра алады:

- МДБ бармайтын мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтендіру.
- Балалардың жас ерекшелік, психологиялық –жеке ерекшеліктері.
- Мектепте оқуға дайындығы.
- МДБ бармайтын мектепке дейінгі жастағы балалардың жеке, психикалық, әлеуметтік дамуындағы түрлі кешігулердің алдын алу.
- Ойын қызметін ұйымдастыру.
- Балалар тамағын ұйымдастыру.
- Балаларды шыңықтыру және сауықтыру үшін жағдай жасау.
- Түрлі санаттағы отбасы балаларын әлеуметтік қорғау.

3.3. Кеңестік бөлімде ата – аналармен (заңды уәкілдермен) және балалармен жұмыс түрлі нысанда жүргізіледі: топтық, жеке.

3.4. Кеңестік көмек аптасына 2-3 рет таңертеңгі және кешкі сағаттарда жұмыс жасайды. Кеңестің ұзақтығы 25 минуттан кем емес.

3.5. Ата-аналарға (заңды уәкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмекті ұйымдастыру тәрбиеші, педагог-психолог, әдіскер, медициналық қызметкер және басқа да мамандардың қызметінің ықпалдасуы негізінде құрылады.

Ата – аналарға (заңды уәкілдерге) кеңес беру бір немесе бірнеше мамандармен бір уақытта жүргізілуі мүмкін.

Кеңестік бөлімнің жұмысына тартылған мамандар саны білім беру ұйымының түрімен, оның кадрлық құрамымен анықталады.

3.6. Кеңестік бөлімнің қызметін ұйымдастыру үшін білім беру мекемесінде штаттық кесте өңделеді.

3.7. Кеңестік бөлімнің қызметін бекіту үшін келесі құжатнаманы жүргізу қажет:

- өтініштерді тіркеу журналы;
- лектория, кеңестерге және т.б. қатысу журналы;
- кеңестік бөлім жұмысының жоспары
- МДБ бастығымен расталған Кеңестік бөлімнің кестесі;
- бір жылға Кеңестік бөлімнің қызметі туралы есеп.

3.8. Кеңестік бөлімді ашу үшін қажет:

- кеңестік бөлім туралы ереже, штаттық кесте, қызметкерлердің лауазымдық міндеттері, жұмыс тәртібі бекітілген Кеңестік бөлімнің ашылуы туралы МДБ жергілікті актісі;
- кеңестік бөлім жұмысының жоспар – кестесі;
- ақпараттық стенд.

3.9. Кеңестік бөліммен тікелей басшылық оны құрған МДБ бастығымен жүзеге асырылады.